20992284488

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2024 жылғы 29 сәуір Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев талап қоюшы «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойылған талап қою арызы бойынша азаматтық істі қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен аталған азаматтық іс қаралып, 2024 жылдың 19 сәуірінде іс бойынша шешім шығарылған.

Қазіргі уақытта сот шешімінде қате жазулар бар екендігі анықталды.

АПК 235-бабының 2-тармағында көрсетілгендей сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Азаматтық істі зерттеп, сот шешімде орын алған қате жазуларды түзету қажет деп есептейды.

Жоғарғылардың негізінде, АПК 235-268 баптарын басшылыққа алып,

Ұ Й Ғ А Р Д Ы:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 19 сәуірінде «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы №7119-24-00-2/2536 азаматтық іс бойынша шығарылған шешіміндегі қате жазулар түзетілсін.

Сот шешімінің қарар бөлігі келесідей көрсетілсін:

««АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 975 255 (тоғыз жүз жетпіс бес мың екі жүз елу бес) теңге тұрақсыздық айыппұл және 29 258 (жиырма тоғыз мың екі жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген

Документ подписан: Жақсыбаев А. Ғ., 04.05.2024

күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.».

АПК-нің талаптарын сақтай отырып Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына ұйғарым түпкілікті нысанда жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұйғарымға тараптармен жеке шағым берілуі немесе прокурормен өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жақсыбаев А. Ғ., 04.05.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

21281973483

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 сәуір №7119-24-00-2/2536 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев,
сот отырысының хатшысы Д.Х.Баккараева,
ашық сот отырысында ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану,
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г.К.Шулембаева,
жауапкердің өкілі А.Бигалиев,
аудармашы Д.Е.Саметаева;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 25 қыркүйекте «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) мен «ALLAN-KZ» ЖШС арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №66/23 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Жауапкер шартының талаптарына сәйкес орындаушы ретінде 2023 жылғы 25 қазанына дейін талап қоюшыға бағасы 14 777 000 теңге құрайтын Ақмола облысы Аршалы ауданы Бұлақсай ауылы «№1 бөбекжай» нысанының орналасқан жері «Астана-Зеленстрой» ЖШС меншігіндегі Қостомар ауылынан 2,5 км жерде орналасқан мекен жайында Жасыл алқаптарды суару үшін берілген тұщы судың жалпы көлемімен ұңғымаларды бұрғылау және дайын

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 19.04.2024
Дата вступления в законную силу: 09.07.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 22.07.2024
7119-24-3-6/256

ұңғымаларға сорғыларды орнату жұмыстарын орындауды, ал талап қоюшы тапсырыс беруші ретінде жұмыстарды қабылдап алуға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес жұмыстарды толық аяқтамай шарттық міндеттемелерді орындамады, нәтижесінде қол қойылған актілерге сәйкес жұмыстарды 4 934 950 теңге сомасына орындаған.

Осыған байланысты талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан 975 255 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талаптарды қолдап, оларды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызбен қарсы пікірде көрсетілген уәждерге сәйкес келіспейтінін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Тараптарды тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерделей отырып, сот келесіге келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Жасалған шарт негізінде жұмыстарды орындау мәселелері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 616-бабымен реттеледі.

Азаматтық іс материалдарынан жасалған шарт негізінде тараптар шарт талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдағаны шығады.

Бұл ретте жұмыстардың атауы, олардың нақты техникалық сипаттамасы мен құны, олардың орындау мерзімі мен тәртібі, оларға ақы төлеу тәртібі шартта және оларға қосымшаларда көрсетіледі.

Алайда, жауапкер шарттың талаптарын бұзды және белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке толық түрде сәйкес келетін жұмыстарды орындамаған, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір жағымсыз салдардың басталуына әкелді.

Қазіргі уақытта шарттың мерзімі аяқталды, алайда міндеттеме толық орындалмады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 43-бабы 23-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

Талап қоюшының талап арызын қарау кезінде сот орындаушыға қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді ұсынады.

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 19.04.2024
Дата вступления в законную силу: 09.07.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 22.07.2024
7119-24-3-6/256

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот талап қоюшының жұмыстардың шарттың міндеттеріне сай мерзімінде, толық және нақты орындауы қажет деген уәжін негізді деп санайды.

Бұл мән-жайлар жауапкердің шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындауға қатысты 272, 273-баптарының талаптарын бұзғанын көрсетеді және сәйкесінше оның әрекеттерінде АК-нің 349-бабына сай шарттың талаптарын және Заңның ережелерін бұзу орын алғанын көрсетеді.

Осы баяндалған жауапкердің тарапынан шартты тиісті түрде орындауда жосықсыздық болғанын дәлелдейді. Бұл ретте орындаушының кінәсін теріске шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Өз кезегінде, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануы жауапкердің әрекетшілдігін толық уақытша тоқтату түріндегі салдарларға әкеп соқпайтындығын және тек мемлекеттік сатып алу саласында ғана белгілі бір шектеулерді қолдануды көздейтіндігін көрсетеді.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Дәлелдемелер мен іс мән-жайларының жиынтығына сүйеніп, талап қоюшы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтағанын ескеріп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңмен реттелгенін назарға алып, сот талап қою заңды, негізді және қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді, себебі жауапкер өзінің баға ұсынысын ұсына отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысқан, бұл Заңның 38-бабының 4-тармағына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, өнім берушінің жұмыстарды орындауға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Алайда, одан әрі шарт жасап, жауапкер өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған, сөйтіп АК-нің 272, 277-баптарының ережелерін бұзған.

Мұндай мән-жайларда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттың 8.3 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 19.04.2024
Дата вступления в законную силу: 09.07.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 22.07.2024
7119-24-3-6/256

Мұндай мән-жайларда сот жауапкерден тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар, жауапкердің әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 109 және 117-баптарына сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 975 255 (тоғыз жүз жетпіс бес мың екі жүз елу бес) теңге тұрақсыздық айыппұл және 29 258 (жиырма тоғыз мың екі жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ALLAN-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 19.04.2024

Дата вступления в законную силу: 09.07.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 22.07.2024

7119-24-3-6/256